

**№ 40 жалпы білім беретін орта мектебі**  
**2022-2023 оқу жылы бойынша**  
**мектептегі психологиялық қызмет жұмысының**  
**жылдық есебі**

Мектептегі психологиялық қызмет – әрбір баланың толыққанды психикалық және тұлғалық дамуына әсер ететін жағдайлармен қамтамасыз ету негізгі максаты болып табылатын білім беру жүйесіндегі арнайы сала.

Мектептегі психологиялық қызметтің басты максаты – дамудың және оқу-тәрбие процесінің әлеуметтік жағдайын ғылыми психологиялық қамтамасыз ету, яғни білім беру процесіндегі барлық катысушылардың деңсаулығын сактауға арналған психологиялық жағдайларды қамтамасыз ете алатын, тұлғаны дамыту мен тәрбиелеудің осы күнгі психологиялық-педагогикалық теориялары негізінде осы процесті ұйымдастыру мен құру және жүргізу.

2022-2023 оқу жылына арналған психологиялық қызмет жоспары КР білім және ғылым министрлігінің 2021 жылғы 16 қыркүйектегі №472 бұйрығын және КР оқу-агарту министрлігі 2022 жылдың 25 тамызда бекітілген № 377 бұйрығы басшылықка алынып жасалынды.

2022-2023 оқу жылында мектепте 1711 окушы білім алды. Даирлық тобында 74 окушы тәрбиеленді.

Педагог-психологтың негізгі қызметтері келесідей бағыттар бойынша жүзеге асырылды:

I. Диагностикалау бағыты 1-класс окушыларының мектепке дайындығы және 1,5 класс адаптациясы зерттелінді. «Менің класым» жобалау әдістемесі алынды. Зерттеуге 186 окушы қатысты. 1 класс окушыларын зерттеу негізінде бейімделуі жоғары - 57 окушы - 31%, орташа - 104 окушы - 56 %, төмен - 25 окушы - 13%. 5 класс окушыларын диагностикалау нәтижесінде бейімделуі жоғары - 59 окушы - 33,1%, орташа - 110 окушы - 61,8 %, төмен деңгейдегі окушы 3 окушы 5,1 пайыз құрады. 1,5 класс окушыларында төмен бейімделуге ие окушылармен жеке жұмыс жасалынды. 10 класс окушыларының адаптациясы зерттелінді, төмен бейімделуге ие окушы анықталмады. Зерттеуге 94 окушы қатысты. 54 окушы - жоғары-57,4, 38 окушы - орташа -40,4 пайызды құрады. Окушылардың бейімделу деңгейінің нәтижесі класс жетекшілеріне таныстырылды. Баламен жұмыс жасауға қажетті ұсыныстар берілді. 6-7-8-9-10-11 класс окушыларынан Басса-Дарки тесті алынды. 5-6-7 класс окушыларынан Филипс тесті алынды. Мазасыздығы орташадан жоғары, жоғары окушылармен жеке сұқбат жүргізілді. Қауіп тобында окушы анықталмады. 8-9-10-11 класс окушыларының депрессия, стресс, мазасыздық деңгейлері зерттелді. Деңгейлері орташадан жоғары, жоғары окушылармен сұқбат откізілді. 9-11 класс окушыларының кәсіби бағдары зерттелінді. 9,11 класс окушыларының 257 окушысы қатысты. Голланд сауалнамасы алынды. Зерттеу қорытындысы бойынша, “Адам- техника” типі -42-16,3% “Адам-адам”- 98-38,1 “Адам-табигат”-52-20,2% “Адам-белгілеу жүйесі”- 27-10,5% “Адам-көркем бейне” -39-54,1% окушы анықталды. Үлгерімі төмен окушылармен тәрбиелік деңгейі диагностикасы және оқу мотивациясы зерттелініп, әдістемелік отырыста талқыланды. 3-токсанды Спилберг тесті алынды, мазасыздығы жоғары окушы анықталмады. Сәуір айында 4-класс окушыларынан Социометрия, Лусканов, Замбацявичене тесттері алынды. Диагностикага 183 окушы қатысты. 4 класс окушыларының оқу мотивациясы - жоғары деңгей-60,6 (111 окушы), орташа - 29,5 (54 окушы), төмен деңгейде - 9,9 пайыз (18 окушы) құрады. Ақыл-ой дамуын анықтау Замбацявичене тесті бойынша жоғары деңгей-37,1 (68 окушы), орташа - 42 (77 окушы), төмен деңгейде - 20,9 пайыз (38 окушы) құрады.

II. Түзету-дамыту жұмысы психодиагностика және сұраныстарының нәтижелері бойынша окушылармен дербес коррекциялық жұмыстар ұйымдастырылды. 1,5 класс окушыларымен түзетушілік-дамытушылық жұмыстар откізілді, 9,11 класс окушыларына

тренингтер жүргізілді. Жасөспірім оқушыларға мектепішілік тренингтер өткізілді. Үстаздарға “Құпия дос” акциясы үйымдастырылды.

III. Профилактика және психологиялық ағарту бағыты бойынша тәуекел тобы оқушыларына арналған психологиялық қолдау сабактары жүргізілді. “Сенім” жәшігі, “Сенім” телефоны бойынша жұмыстар үйымдастырылды, жадынамалар таратылды. Зорлық-зомбылықтың алдын алу бойынша дәрістер, тренингтер үйымдастырылды.

Ата-аналармен жұмыс жақсы жолға қойылды. Мектебімізде биылғы оку жылында “Үйлесім” ата-аналарға арналған психологиялық клубы жұмыс жасады. Ай сайын бала тәрбиесіне қатысты тақырып қозғалып, тренингтер өткізілді. Ата-аналарға практикалық педагогикалық-психологиялық көмек және қолдау көрсетілді.

IV. Консультация бағыты бойынша балаларды оқыту, тәрбиелеу және дамыту мәселелері негізінде педагогтарға кеңес беріліп, ата-аналарға топтық және жеке консультациялар үйымдастырылды.

Қақтығыс аймағынан оралған оқушымен жеке жұмыс жоспары құрылып, оқушымен негізгі бағыттар бойынша жұмыстар жүргізілді. Жаңа жылдық шыршамен қамтамасыз етіліп, сыйлық табысталды. Жасалған жұмыстар Облыстық білім басқармасына таныстырылып отырылды.

V. Үйымдастыру-әдістемелік жұмыс бағыты бойынша әлеуметтік жағынан тұрмысы нашар отбасылармен және балалармен ерекше оқушылармен құқық бұзушылықпен қараусыздықтың алдын алу бағыты бойынша мектепте есепте тұрган және ерекше оқушылармен қолайсыз отбасы балалары анықталып есепке алынды. Ерекше білім беруді қажет ететін оқушылармен де жеке жоспар құрылып, жоспар бойынша құжаттар жинақталды. Дінге бейімділігі бар отбасы балаларымен, тәуекел тобы және мектепішілік есепте тұрган оқушылармен диагностикалық, коррекциялық, профилактикалық жұмыстар жоспар бойынша жүзеге асырылды.

Электрондық журнал бойынша жұмыстар уақытылы салынды (кеңес беру - 159, коррекция-80, диагностика-158, профилактика-18), директор жанындағы кеңес, өндірістік кеңес, педагогикалық кенестерде психологиялық қызмет бойынша өзекті мәселелер қозғалды.

Мектеп психологтері

Баймишева А.М.

Мауениязова С.Б.